


АЗАТТЫҚ ТАҢЫН АНСАҒАН

(Алаш арысы Ә.Бөкейхановқа 155 жыл)

Үкіметтің қара қуғын жасаған күндерінде айдауына да, абақтысына да шыдап, ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей ғана азамат тобы болды. Бұл топты баулыған – Әлихан.

Қошмұхаммед Кемеңгерұлы

Кентау көпсалалы колледжінің оқу залында тарих пәнінің оқытушылары Г.Джамалова мен М.Жунусова, кітапхана меңгерушісі К.Абжаппаровамен бірлесе отырып, Алаш көшбасшысы Ә.Бөкейхановтың 155 жылдығына орай I курс білімалушылармен конференция ұйымдастырды. Көш түзелді, ел егемендігі баянды болып келеді, ғұмыр бойы күресті күндерді басынан өткізген Бөкейхановтың туғанына биылғы жылы 155 жыл толып отыр. Аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Ә.Бөкейханов XX ғасырдың бас кезінде қазақ даласында кеңінен қанат жайған ұлт-азаттық «Алаш» қозғалысының негізін қалаушы және жетекшісі, Алашорда ұлттық автономиясы Халық кеңесінің төрағасы болды. Іс-шара барысында Джамалова Г. Сталиндік қуғын-сүргін саясаты, репрессияға ұшыраған зиялы



қауым өкілдері, ашаршылық туралы мәліметтерді айтып өтті. Осы ұлтшылдардың басшысы ретінде Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Меңдешев, Ж.Аймауытов, С.Қожанов, С.Сәдуақасов, Т.Рысқұлов, С.Сейфуллин, т.б. қазақ азаматтар болды және оларға қарсы «идеялық күресті» күшейтті. Ғалым тарихшыларының есебі бойынша, КСРО көлемінде 1926-1940 жылдар

аралығында 19 млн.840 мың адам «халық жауы» ретінде ұсталып, 7 млн. атылған. Одан кейін ҰОС жылдарында сатқындарды жазалау, 1952-1954 жылдары ұлтшылдыққа қарсы көтерілген кез, барлығын қосқанда 32 млн. адам жазалауға іліккен. Осылардың 10-12 млн. өлтірілген. Осыған орай, кітап көрмесі ұйымдастырылып, видеороликтер, слайдтар көрсетілді.

Ұлы баба аманатына ғасырлар бойы жүргізген күрестің нәтижесінде қазақ халқы 1991 жылы қол жеткізіп, өз алдына дербес мемлекет атандық. Ә.Бөкейханов сынды үлкен мұхит, шексіз көлдерия адамды айтып тауысу мүмкін емес. Сондықтан да әр топта Алаш арысы туралы тың деректермен танысу іс-шаралары жалғасуда. Танымы мол, тағылымы терең деректердің берер ғибраты кеше мен бүгіннің, ертеңгі болашақтың жемісі болып тәуелсіз ұрпақтың санасында мәңгі жаңғырады, сақталады. Халқымыздың өз еркіндігі үшін күрес жолында мәңгі өлмейтін терең із қалдырған қайраткерлердің есімі мәңгі жадымызда.

К.П.АБЖАППАРОВА,
Кентау көпсалалы колледж.

Пробация қызметі туралы

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 38-VI Заңы, Осы Заң пробацияны ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және пробация ұғымын, мақсатын, міндеттерін, қағидаттарын, түрлерін және жүзеге асыру нысандарын, сондай-ақ өздеріне қатысты пробация қолданылатын адамдардың және оны жүзеге асыратын субъектілердің құқықтық мәртебесін белгілейді.

Яғни осы заңның 7-бабында Пробацияны жүзеге асыратын субъектілер белгіленген:

Қазақстан Республикасының пробация туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен өз құзыреті шегінде әрекет ететін мемлекеттік органдар, сондай-ақ азаматтар, қоғамдық бірлестіктер және өзге де заңды тұлғалар пробацияны жүзеге асыратын субъектілер болып табылады.

8-бапта Ішкі істер органдарының құзыреті белгіленген:

Яғни 1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің құзыретіне: 1) пробация саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру; 2) пробация саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру; 3) мыналарды: сотқа дейінгі пробация сатысында күдіктінің, айыпталушының жеке басын психологиялық-әлеуметтік тестен өткізу әдістемесін; сотқа дейінгі баяндаманы дайындау әдістемесін бекіту; 4) өзіне осы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындау жатады. 2. Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі уәкілетті органының құзыретіне: 1) пробацияны жүзеге асыратын субъектілердің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету; 2) қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің және пробация қызметтерінің жұмысын үйлестіру; 3) мыналарды: сотқа дейінгі пробация сатысында күдіктінің, айыпталушының жеке басын психологиялық-әлеуметтік тестен өткізу әдістемесін; сотқа дейінгі баяндаманы дайындау әдістемесін әзірлеу; 4) Қазақстан Республикасының

заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады. 3. Полиция Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өз құзыреті шегінде: 1) пробациялық бақылауда тұратын адамдар тарапынан құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың профилактикасы, оларды анықтау, зерделеу, жою жөніндегі шаралар кешені; 2) кәмелетке толмағандарға қатысты пробациялық бақылауды; 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

11-бапта Азаматтардың, қоғамдық бірлестіктердің және өзге де заңды тұлғалардың пробацияны жүзеге асыруға қатысуы белгіленген:

1. Азаматтардың, қоғамдық бірлестіктердің және өзге де заңды тұлғалардың пробацияны жүзеге асыруға қатысуы өздеріне қатысты пробация қолданылатын адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмекті ұсынуға ерікті түрде жәрдемдесу арқылы мынадай нысандарда іске асырылады:

1) пробация қызметінің жұмысын және пробация қызметінің есебінде тұратын адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмекті жетілдіруге бағытталған бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу және іске асыру; 2) социологиялық және өзге де мониторингтер жүргізу; 3) пробацияны реттейтін нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және қоғамдық талқылауға қатысу; 4) пробация мәселелері бойынша консультативтік-кеңесші және сарапшы органдардың жұмысына қатысу; 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін нысандарда өзге де жәрдем көрсету.

Осы аталған заңда көсетілген міндеттерді орындау әр бір ішкі істер органдары, пробация қызметі, жергілікті атқарушы органдары, азаматтар, қоғамдық бірлестіктер және өзге де заңды тұлғалар болып орындап, жүзеге асыруға міндеттіміз деп есептеймін.

Ғалымжан БЕРДИШЕВ,
Кентау қалалық
пробация қызметі бөлімінің
аға инспекторы әділет капитаны.

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ - МҮМКІНДІКТЕР МЕКЕНІ

Қазақстанда жоғары білім беру оқу орындарының арасында үздігі ретінде сан жылдар тарихы бар, көптеген жастардың қара шаңырағына айналған әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті белгілі.

Университет өзінің құрылу кезеңінен Қазақстанның экономикасы, саяси және құқықтық өмірі, мәдениеті, ғылымы мен білімінің қалыптасуы мен дамуына үлкен үлес қосты және бүкіл жоғары білім жүйесінің негізгі тірегіне айналды. ҚазҰУ республикадағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі орталықтарының бірі болып табылатын жоғары білікті кадрлардың ең ірі ұстасы болып келеді.

Бүгінгі күні ҚазҰУ-дың әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналу мақсатында әл-Фараби университетінің Smart City инновациялық платформасы негізінде ҚазҰУ әзірлеген және жүзеге асырған «Университет 4.0» тұжырымдамасы аясында жүзеге асады.

Мен менеджмент мамандығын таңдап, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-н Экономика және Бизнес Жоғары Мектебіне, «Менеджмент» кафедрасына оқуға түстім. Қазақстанда бәсекеге қабілетті экономиканы қалыптастыру үшін менеджменттің ерекше рөлі мен маңыздылығын ескере отырып, кафедра инновациялық қызметке бағытталған және нарықтық экономика жағдайында тиімді басқаруға қабілетті іргелі білімі бар менеджерлерді дайындайды. Кафедрада білім берудің негізгі принциптері болашақ мамандардың дәстүрлі

жоғары теориялық дайындығына, нақты практикалық іс-әрекетке бағытталған бағдармен негізделеді. Бізге тек теорияны ғана емес, тәжірибені де жақсы меңгеру қажет. Сондықтан бізге кәсіби тәжірибесі бар мамандарды шақыртып, лекция, шаралар жүргізіледі. Осылайша, университет білім беру жүйесін жетілдіріп қана қоймай, болашақ мамандығы бойынша практикалық дағдыларды алуға да үлкен мүмкіндіктер береді.

Университет білім алушылардың жан-жақты дамуына, өзін-өзі кемелдендіруіне қажетті жағдай жасау үшін бар күш-жігерін салып, студенттің өзін-өзі басқаруға, көшбасшылық қасиеттерін тәрбиелеуде мол мүмкіндіктер тудырады. Студенттердің өмірі қызықтылығымен және әр алуандылығымен ерекшеленеді. Олар оқудан бос уақыттарында көптеген шығармашылық немесе зерттеу жұмыстарымен айналысып, белгілі бір ұйымдардың белсенді мүшелері болып, әр түрлі шараларға қатысады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті өзіндік мәртебесі бар Қазақстанның жетекші оқу орындарының бірі. Университетімізде игерген білімнің арқасында еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маман иесі болатынына сенемін.

А. М. ДЖУЛАЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
«Менеджмент» кафедрасының
з.ғ.к., аға оқытушысы.
Әсел РАХЫМБЕК,
жетекшілігіндегі бакалавриат.